

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Ақпараттық технологиялар факультеті
Информатика кафедрасы

«БЕКІТЕМІН»

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ
Ғылыми кеңесі

« 31 » *май* 2021ж.
хаттама №



«7M01124 – Педагогикалық өлшеулер», «7M01514 – Smart - City» және
«7M01511 – Информатика» білім беру бағдарламалары бойынша
Мемлекеттік аттестациялық комиссияның магистрлік диссертацияны қорғау
қорытындысы жөніндегі

ЕСЕБІ

Нұр-Сұлтан, 2021

2020-2021 оқу жылындағы «7M01124 – Педагогикалық өлшеулер», «7M01514 – Smart - City» және «7M01511 – Информатика» білім беру бағдарламалары бойынша Мемлекеттік аттестациялық комиссияның магистрлік диссертацияны қорғау жөніндегі қорытынды

ЕСЕБІ

«7M01124 – Педагогикалық өлшеулер», «7M01514 – Smart - City», «7M01511 – Информатика» білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың қорытынды аттестациясы келесі нормативті-құқықтық құжаттарға сәйкес жүргізілді:

– Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылы 23 тамыздағы №1080 Қаулысымен бекітілген Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (ҚР Үкіметінің 2015 жылдың 24 мамырындағы №327 қаулысымен енгізілген өзгерістермен (01.09.2016 жылы қолданысқа енгізіледі);

– Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 Бұйрығымен бекітілген Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелері (29.01. 2016 жылындағы өзгертуімен);

– Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-дің 2013 жылғы 3 қыркүйектегі №1 Ғылыми кеңесінде бекітілген «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» ШЖҚ РМК-де (жоғары кәсіптік білім - бакалавриат және ЖОО-дан кейінгі білім беру - магистратура және докторантура) Мемлекеттік аттестациялық комиссия (бұдан әрі – МАК) туралы ереже;

– Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-дің 2014 жылғы 28 тамыздағы №1 Ғылыми кеңесінде бекітілген Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде (жоғары кәсіптік білім - бакалавриат және ЖОО-дан кейінгі білім беру - магистратура және докторантура) кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру туралы ереже;

– «2017 жылға арналған жоғары оқу орындарында білім алушыларды қорытынды аттестациялаудан өткізу үшін мемлекеттік аттестациялау комитетінің төрағаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 20 желтоқсандағы №710 бұйрығы;

– Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы», «7M01124 - Педагогикалық өлшеулер» «7M01514 - Smart - City», «7M01511 - Информатика» білім беру бағдарламалары бойынша мамандарды даярлау бағыттарына сай Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ – і 2021 жылғы 11 наурыздағы 361- н бұйрығына сәйкес мемлекеттік аттестаттау комиссиясының төрайымы техника ғылымдарының кандидаты, С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ, Ақпараттық жүйелер кафедрасының аға оқытушысы Шаушенова Анаргүл Гимрановна бекітілді.

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ ректорының 2020 жылғы

25 желтоқсандағы № 79 -п бұйрығы негізінде «7М01124 – Педагогикалық өлшеулер», «7М01514 – Smart - City», «7М01511 –Информатика» білім беру бағдарламалары бойынша кешенді емтихан қабылдаудың мемлекеттік комиссия мүшелерінің құрамы тағайындалды:

1. Серік М. - п.ғ.д., профессор;
2. Закирова А. Б. – п.ғ.к., «Информатика» кафедрасының доценті м.а.;
3. Шындалиев Н.Т.- п.ғ.к., «Информатика» кафедрасының доценті м.а.;
4. Давлетова А. Х. – тех. хатшы, п.ғ к., «Информатика» кафедрасының доценті м.а.

Ақпараттық технологиялар факультетінің деканаты «7М01124 – Педагогикалық өлшеулер», «7М01514 – Smart - City», «7М01511 – Информатика» білім беру бағдарламалары бойынша магистрлік диссертацияны қорғауға дайындық бойынша бірқатар жұмыстар жүргізді. Оқытылған барлық пәндер және практиканың барлық түрлері бойынша магистранттардың алған бағалары, сонымен қатар, білім алу мерзіміндегі ГРА бағаларының орташа баллы топтастырылған ведомостар құрастырылды.

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ ректорының 2021 жылғы 8 маусымдағы №602-п бұйрығы негізінде қорытынды аттестацияға «7М01124 – Педагогикалық өлшеулер», «7М01514 – Smart - City», «7М01511 – Информатика» мамандығы бойынша 26 магистрант жіберілді:

- «7М01124 – Педагогикалық өлшеулер» - 5
- «7М01514 – Smart - City» - 10
- «7М01511 –Информатика» - 11.

МАК жұмысы Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ ректоры бекіткен кестеге сәйкес уақытылы жүзеге асырылды, «7М01124 – Педагогикалық өлшеулер», «7М01514 – Smart - City», «7М01511 –Информатика» білім беру бағдарламалары оқу жоспары мен онда қарастырылған кесте негізінде 2021 жылдың 03.06.2021-07.06.2021 аралығында Microsoft Teams платформасы арқылы қашықтан өткізілді.

1. Аталған мамандық бойынша магистрлардың дайындық деңгейлері

Информатика кафедрасының профессорлар-оқытушылар құрамы келесі дайындық жұмыстарын жүргізді:

– кеңес беру және жалпы шолу дәрістері ұйымдастырылды.

Магистерлік диссертацияны қорғау және өткізу бойынша кафедра мүшелерінің нақты және мақсатты түрде жасаған жұмыстары түлектердің қорғау кезіндегі жауап беруінде оң әсерін тигізді. МАК-тың барлық отырыстарына хаттамалар жасалды.

Қажетті теориялық білімді, практикалық дағдыларды алу үшін, оқу жоспары бойынша барлық сабақ түрлері (дәріс, практикалық және зертханалық) қарастырылған. Сабақтарды ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі және оқу-әдістемелік тәжірибесі бар жоғары білікті оқытушылар жүргізеді.

Осыған байланысты «7M01124 – Педагогикалық өлшеулер», «7M01514 – Smart - City», «7M01511 – Информатика» білім беру бағдарламалары бойынша мамандарды даярлау деңгейі жеткілікті және жоғары дәрежеде.

2. Магистрлік диссертацияны қорғауда анықталған магистранттардың біліміне сипаттама

Магистерлік диссертацияны бағалаудың негізгі критерийлері:

- өзектілігі, жаңалығы, тақырыптардың практикалық мақсаттылығы, тақырыптың күрделілігі;
- дипломдық жұмыстың безендіру сапасы мен мазмұн толықтығы;
- ғылыми-зерттеу элементтерінің болуы;
- қорытындылар мен ұсыныстардың ғылыми негізділігі, ғылыми-зерттеу және практикада қолдану маңыздылығы;
- баяндама мазмұны, баяндау стилі, қойылған сұрақтарға жауаптардың толықтылығы;
- ғылыми жетекшінің пікірі, пікірлеме мазмұны және оның бағасы;
- магистрлік диссертацияның мамандыққа сәйкестігі.

3. Магистрлік диссертация (жоба) тақырыбының ғылымның, техниканың, мәдениеттің қазіргі жай-күйіне және өндірістің сұранысына сәйкестігі

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ ректорының 2021 жылғы 8 маусымдағы №602-п бұйрығы негізінде қорытынды аттестацияға «7M01124 – Педагогикалық өлшеулер», «7M01514 – Smart - City», «7M01511 – Информатика» мамандығы бойынша 26 магистрант жіберілді:

- «7M01124 – Педагогикалық өлшеулер» - 5
- «7M01514 – Smart - City» - 10
- «7M01511 – Информатика» - 11.

Магистрлік диссертация тақырыптары педагогикалық зерттеулерді дамытудың түрлі салаларын қамтиды, мысалы: «Создание и использование гибридного образовательного пространства», «Деятельный подход в обучении школьников информатике с использованием мобильных приложений», «Методы оценивания учебных достижений учащихся при критериальном оценивании».

Көптеген магистрлік диссертациялар информатиканы оқыту әдістемесін жетілдіруге арналған, сонымен қатар білім берудің барлық деңгейлерінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдануға байланысты жұмыстар болды.

Қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде орындалған диссертациялық жұмыстар:

1. Кундакбаев Диар Маратович, «Разработка образовательной платформы для дистанционного обучения авторских курсов» ғылыми жетекші Давлетова А.Х.;

2. Азамат Айтгүл Азаматқызы «Теоретико-практические основы внедрения современных технологий по обработке данных» ғылыми жетекші Серік М.;
3. Тиркешов Нурмухаммет Копелсинович Разработка онлайн платформы «Инновационные методы обучения» ғылыми жетекші Абильдинова Г. М.

Жалпы, «7M01124 – Педагогикалық өлшеулер», «7M01514 – Smart - City», «7M01511 – Информатика» білім беру бағдарламалары аясында орындалған магистрлік диссертациялардың тақырыптары білім беруді дамытудың заманауи бағыттары мен мамандарды даярлау бейініне сәйкес келеді.

Келесі магистранттар ғылыми-зерттеу жұмысының дағдыларын меңгерудің жоғары деңгейін көрсетті: Естаева Динара Елтайқызы, Махатов Нұрсұлтан Бостандықұлы, Ділдабек Ақерке Қошқарқызы.

4. Магистрлік диссертацияларды (жобаны) орындау сапасы

Магистрлік жұмыстарды бағалау кезінде магистранттардың ғылыми-техникалық, педагогикалық, әдістемелік және практикалық дайындық деңгейі назарға алынды. Магистранттардың қазіргі жағдайда дербес ғылыми-зерттеу жұмыстарына дайындығы назарға алынды. Олардың өндірістегі, білім және ғылым ұйымдарындағы, сондай-ақ басқа да ұйымдардағы жұмысы ескерілді. Диссертациялық жұмыстарды бағалауда білім беру жүйесін цифрландыруды жүзеге асыру аясында нақты практикалық міндеттерді шешуге ықпал ететін сынақтан өткен эксперименттік нәтижелер айтарлықтай әсер етті.

Айта кету керек, магистрлік диссертацияны орындау кезінде магистранттар өздерінің мақсаттылығы мен бастамашылдығын, жеткілікті күрделі білім беру мәселелерін өз бетінше шеше алатындығын, үлкен көлемде ақпаратпен жұмыс істей алатындығын, әртүрлі көздермен өз бетінше жұмыс істей алатындығын және сандық білім беру ресурстарын дамыта алатындығын көрсетті. Магистрлік диссертацияларды қорғау магистранттардың ғылыми зерттеудің әдіснамасы мен әдістерін меңгергенін, экономика мен кәсіпкерліктің негіздерін білетінін, ақпаратты жинаудың, сақтаудың және өңдеудің компьютерлік әдістерін пайдаланатынын, жаңа бағдарламалық қамтамасыз етулерді, электрондық ресурстарды және оқыту мен тәрбиелеу технологияларын өз бетінше әзірлеуге қабілетті екенін көрсетті.

Магистрлік диссертацияларды қорғау қорытындылары, олардың сандық және сапалық талдауы ұсынылды.

5. Осы мамандық бойынша магистрлерді даярлау сапасын талдау

Орындалған магистрлік диссертациялар магистранттардың алған білімдерін бағалауға мүмкіндік беріп, «7M01124 – Педагогикалық өлшеулер», «7M01514 – Smart - City», «7M01511 – Информатика» білім беру

бағдарламалары бойынша кадрларды даярлау сапасы тиісті деңгейде екенін көрсетті. Мемлекеттік комиссия магистранттар көрсеткен теориялық білім мен практикалық дағдылар кафедра мамандар даярлаудың жеткілікті жоғары деңгейін көрсетеді деп атап өтті.

Магистрлік диссертацияларды қорғау қорытындылары бойынша алынған «7M01124 – Педагогикалық өлшеулер», «7M01514 – Smart - City», «7M01511 – Информатика» білім беру бағдарламасы бойынша мамандарды даярлаудың сапалы бағасы төмендегі кестеде берілген.

6. Магистрларды даярлаудағы кемшіліктер

Жалпы алғанда, диссертация қорғау нәтижелері бойынша мемлекеттік аттестаттау комиссиясының қорытындысы бойынша аса қатты кемшіліктер байқалмаған.

7. Магистрлік диссертацияларды (жобаларды) қорғау деңгейінің кафедра шешіміне, ғылыми жетекшісінің пікіріне, рецензиясына сәйкестігі

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ ректорының № 68 - п 22 желтоқсандағы 2020 жылғы бұйрығымен магистрлік диссертацияларға келесі рецензенттер бекітілген:

Казиева Д.А. - педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Букетова Е.А. атындағы ҚарМУ, математика және ақпараттық технологиялар факультетінің деканы;

Керімбаев Н.Н. - педагогика ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры;

Даулеткулова А.У. – педагогика ғылымдарының кандидаты, С.Демирель атындағы математика профессоры

Шекербекова Ш.Т. - п.ғ.к., Абай Атындағы ҚазҰПУ-нің информатика және ақпараттандыру кафедрасының доценті.

Қорытындылай келе, рецензенттер магистранттардың жұмысына оң баға береді және оларды «7M01124 – Педагогикалық өлшеулер», «7M01514 – Smart - City», «7M01511 – Информатика» білім беру бағдарламалары бойынша педагогика ғылымдарының магистрі академиялық дәрежесін алуға ұсынады.

Магистрлік диссертациялардың (жобаның) ғылыми жетекшілері ЖОО ғылыми кеңесінің шешімі негізінде ректордың бұйрығымен (әрбір магистрант үшін тақырыбын көрсете отырып) бекітілді. Ғылыми жетекшілердің пікірлерінде орындалған жұмыстардың әлсіз және басым жақтары, тақырыптық саланы одан әрі зерттеу бойынша ұсыныстар көрсетілген.

8. Магистрларды даярлауды одан әрі жетілдіру бойынша нақты ұсынымдамалар

«7M01124 – Педагогикалық өлшеулер», «7M01514 – Smart - City», «7M01511 – Информатика» білім беру бағдарламалары бойынша диссертацияны қорғау нәтижелері бойынша төмендегілер анықталды:

- Қазақстан Республикасы Білім беру жүйесінің білім беру саласындағы IT мамандарына, оның ішінде «7M01124 – Педагогикалық өлшеулер», «7M01514 – Smart - City», «7M01511 – Информатика» білім беру бағдарламалары бойынша ғылыми – педагогикалық кадрлар қажеттілігінің жоғарылығы;
- орта білім беру жүйесінде робототехниканы оқыту және бағдарламалау мәселелеріне арналған диссертациялық зерттеулердің санын арттыру;
- кафедраның профессорлық-оқытушылық құрамының ғылыми-зерттеу әлеуетінің жоғары деңгейі;
- магистранттардың зерттеу жұмысының нәтижелерін апробациялау үшін эксперименттік алаң ретінде білім беру ұйымын ішінара тарту және т. б.

Кешенді емтихан және «7M01124 – Педагогикалық өлшеулер», «7M01514 – Smart - City», «7M01511 – Информатика» білім беру бағдарламалары бойынша диссертация қорғау қорытындылары бойынша ұсынылады:

- жаһандық мәселелер бойынша зерттеулер жүргізуге ықпал ететін магистранттардың зерттеу дағдыларын дамыту;
- магистранттардың зерттеу жұмыстарының нәтижелерін апробациялау үшін эксперименттік алаң ретінде жалпы білім беретін мектептер мен колледждерді тарту бойынша мақсатты жұмыс жүргізу;
- диссертациялық зерттеулер тақырыбы бойынша магистранттар дайындаған ғылыми жарияланымдардың сапасын арттыру.

«7M01124 – Педагогикалық өлшеулер», «7M01514 – Smart - City», «7M01511 – Информатика» білім беру бағдарламаларын жүзеге асырудың қол жеткізілген нәтижелері білікті ғылыми-кадрлық әлеуеті және тиісті материалдық-техникалық қамтамасыз етілген ЕҰУ Ақпараттық технологиялар факультетінің "Информатика" кафедрасын «7M01124 – Педагогикалық өлшеулер», «7M01514 – Smart - City», «7M01511 – Информатика» білім беру бағдарламалары бойынша магистранттар дайындаудың базалық ұйымы ретінде аса назар аударуға лайық екенін көрсетеді.

МАК төрайымы



Шаушенова А. Г.

2021 ж. магистрлік диссертацияны қорғау бойынша қорытындысы
оқу түрі іштей

жоғары оқу орны: Л.Н. Гумилева атындағы ЕҰУ

мамандық: «7M01124 – Педагогикалық өлшеулер», «7M01514 – Smart - City», «7M01511 – Информатика»

Қорытынды аттестация формасы	Қорытынды аттестацияға жіберілгендердің саны	Тапсырғандар саны	Оның тапсырғандары:				Орта балл	Дәстүрлі	Келмеген	Сапа %	Тапсырғандардың үлгерім %
			Өте жақсы	Жақсы	Қанағаттанарлық	Қанағаттанарлықсыз					
Магистрлік диссертация қорғау	26	26	26	-	-	-	5.0	5.0		100	100
Қорытынды	12/3/11	12/3/11	26	-	-	-	5.0	5.0		100	100

2021 ж. түлектің қорытынды аттестациясының жалпы нәтижесі
оқу түрі іштей

жоғары оқу орны: Л.Н. Гумилева атындағы ЕҰУ

мамандық: «7M01124 – Педагогикалық өлшеулер», «7M01514 – Smart - City», «7M01511 – Информатика»

ҚМА жіберілгендер саны	ҚМА келмегендер саны	ҚМА тапсырғандар саны	Оның тапсырғандары:					«Қанағаттанарлықсыз» алғандар	Орташа балл
			Тек өте жақсы	Тек өте жақсы және жақсы	Тек жақсы	Аралас бағалар	Тек қанағаттанарлық		
26	-	26	26	-	-	-	-	-	5.0

Түлектердің салыстырмалы анализі

Көрсеткіштер	Алдыңғы аралық	Есеп беру аралығы
% сапа	100	100
%оқу үлгерімі	100	100
Орташа балл	5,0	5.0